

**"Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы туралы" Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 387/51-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 400/55-V шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2015 жылы 21 тамызда № 935 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 363/45-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 06.03.2019 № 363/45-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсету ережесі туралы" Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 387/51-IV шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 29 қазанда № 652 болып тіркелген, 2010 жылғы 20 қарашада "Астана ақшамы" газетінің 129-нөмірінде және "Вечерняя Астана" газетінің № 135-нөмірінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсету қағидасының 1-қосымшасында:

"177-бабының 1-тармағына және 325-бабының 3-тармағына" деген сандар мен сөздер "190-бабының 1-тармағына және 385-бабының 3-тармағына" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы

Т. Егінбаев

Астана қаласы мәслихаты  
хатшысының міндетін атқарушы

А. Байгенжин